



№33 (9920)

25 сәуір
сейсенбі
2023 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш

ЖАРЫШЫСЫ



Сессия

Инвестиция тарту көлемі 52,2 пайызға өскен

Биыл алғашқы тоқсанда өңірде әлеуметтік-экономикалық жағдай қалыпты. Негізгі макрокөрсеткіштер бойынша өсім қалыптасқан. Атап айтқанда, өңдеу өнеркәсібі 4,6, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1,7, инвестициялар тарту 52,2, құрылыс жұмыстарының көлемі 38,7, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 2,9 және сауда көлемі 2,1 пайызға артқан. Облыстық мөлхихат сессиясында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев осылай деді.

Сессияның күн тәртібіне 2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджетті кезекті нақтылау мәселесі ұсынылды. Облыстық бюджеттің өз кірістерін 4,5 млрд теңгеге ұлғайту, сондай-ақ бірқатар бюджеттік бағдарлама өкімшілері үнемдеген және оңтайландырылған қаржыны 15,7 млрд теңгеге қысқарту, 5,3 млрд теңге жергілікті атқарушы органның мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымын ұлғайту жоспарлануда.

Облыстық мөлхихат төрағасы Наурызбай Байқадамов жергілікті бюджет нақтылау қорытындысымен 592 млрд теңгеге жеткенін айтып, аймақ басшылығына алғыс білдірді.

— Қазіргі таңда облыс бюджеті 592 млрд теңгені құрап отыр. Бұл Мемлекет басшысы мен Үкімет көрсеткен қолдаудың, аймақ басшысының жүйелі жұмысының нәтижесі деп білеміз, — деді ол.

Облыстық бюджетті 25,5 млрд теңгеге нақтылау ұсынылды. Бұл қаржы өңірдің өзекті мәселелерін шешуге бағытталмақ. Атап айтқанда, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандырудың ағымдағы шығындарына және әлеуметтік нысандардың құрылысына жұмсалды. Жылу-энергетикалық жүйені жаңғырту, «Қызылорда жылу электр орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жылу энергетикалық қондырғыларын дамыту жобалары қаржыландырылды. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі биыл облыста облигациялық қарыздар есебінен 12 әлеуметтік тұрғын үй құрылысын салу үшін мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруға, Қызылорда қаласының сол жағалауындағы тұрғын үй құрылысына және инженерлік инфрақұрылым желілерін тартуға қосымша қаржы бағыттамақ.

Мұнан бөлек республикалық бюджетті нақтылау кезінде аймаққа 39,9 млрд теңге қаржы бөлінді. Нысаналы трансферттер мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің жалақысын ұлғайтуға, «Ауылда денсаулық сақтау» ұлттық жобасы шеңберінде медициналық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға арналған. Сондай-ақ денсаулық сақтау нысандарының құрылысына, халықтың әлеуметтік жағынан осап топтарына коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға, көлік инфрақұрылымын, «Ауыл — өл бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерді, су және жылу желілерін дамытуға бағытталмақ.

Сессияның күн тәртібіне облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының есебі тыңдалып, облыстық мөлхихаттың 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №153 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Қызылорда облысы өкімдігі жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңес құрамын бекіту және т.б. мәселелер қаралды.

Аймақ жаңалықтары

Елімізде 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте білім алуына жағдай жасау мақсатында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынған еді. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың ұсынысы негізінде алдағы 3 жылда Сыр өлінде 15 100 орынға арналған заманауи 21 мектеп бой көтереді. Жобаның жалпы құны — 100 млрд теңге.

10 мектептің құрылысы басталады

Айта кетейік, аталған ұлттық жоба аясында Қызылорда қаласында 8, Арал ауданында 4, Қазалы ауданында 2, Қармақшыда 2, Жалағашта 1, Сырдарияда 1, Шиепиде 1 және Жаңақорған ауданында заманауи 2 мектептің құрылысы басталады. Облыстық білім басқармасының басшысы жоба аясында биыл өңірде 10 мектептің құрылысы басталатынын айтып, олардың өзге мектептерден айырмашылығын тілге тиек етті.

Білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбетов мамыр-маусым айында барлық мектептің құрылысы басталатынын айтады. Бүгінде олардың жер телімі де рәсімделген, сметалық құжаттары да дайын.

Жалпы ерекшелігіне келсек, бастауыш және жоғары сынып оқушылары мектеп ғимаратының жекелеген блоктарында оқиды. Сондай-ақ олардың өз оқу кабинеттері, әжетханалары, спорт залдары болады. Барлық білім беру нысандарына бейнебақылау, дыбыстық дабыл сияқты қауіпсіздік нысандары орнатылады, мұнан бөлек заманауи физика, химия, биология, робототехника сияқты кабинеттермен қамтамасыз етіледі. Арнайы білімді қажет ететін балалар үшін қажетті жағдай қарастырылады.

Жалпы, 2023 жылға білім саласына 260 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген. Алдағы 3 жылда облыстағы үш ауысымды және апатты мектептердің жағдайы толық шешіледі деп күтілуде, ауылдық елді мекендердегі мектептер жаңғыртудан өтеді.

Бытыр апатты деп танылған 6 мектептің үшеуінің мәселесін шешімін тапқан. Ал қалған 3 мектеп «Жайлы мектеп» жобасы аясында салынады. Бұдан бөлек биыл 5 мектепті пайдалануға беру жоспарда бар. Сондай-ақ ауылдық елді мекендердегі 47 мектеп жаңғыртудан өткізіліп, 51 мектепке физика, химия, биология сынды пәндік кабинеттер алынады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

АППАРАТ



Сыннан сабақ алған абзал

АУДАНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫНСЫЗ ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА АРНАЛҒАН МЕЖЕ 50 ПАЙЫЗҒА ДА ОРЫНДАЛМАҒАН. ОНЫҢ ҮСТІНЕ ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТҚАН КӘСІПКЕРЛІК НЫСАНДАРЫ ДА ЖОҚ ЕМЕС. ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ, ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ЕҢСЕСІН ТІКТЕУ МЕН КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫН ДАМУЫҒА ҚАТЫСТЫ ЕЛДІ МЕКЕН ӘКІМДЕРІ МЕН БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫНА АУДАН ӘКІМІ АСҚАРБЕК ЕСЖАНОВТЫҢ ТАРАПЫНАН АЙТЫЛҒАН СЫН АЗ БОЛМАДЫ.

Иә, кешегі аппарат мәжілісінде алдымен кадрлық ауыс-түйістерге кезек берілді. Соңынан бірқатар мәселе қаралып, Асқарбек Темірбекұлы әріптестерін сыннан сабақ алуға шақырып, нақты тапсырмалар берді.

Жексенбідегі сайлаудың қорытындысымен қос елді мекеннің жаңа әкімдері белгілі болды. Аққұм ауылына елдің басым дауысына ие болған Алтынбек Асанбеков, Мырзабай ахун ауылына Ғалым Тәуіпбаев әкім болып сайланды.

Алтынбек Асанбеков бұған дейін де аталған ауылда әкім қызметін атқарған. Кеуегі сайлауалды бағдарламасында да нақты мақсатты нәтижелер қамтылған. Елбette оның барлығы Аққұмның екінші тынысын ашуға айтарлықтай қолғабыс болары анық. Тек осы мақсаттағы жұмыстар күн тәртібінен түспеуі керек.

Ғалым Тәуіпбаев та Мырзабай ахун ауылының тыныс-тіршілігін бейхабар азамат емес. Бұған дейін ауыл шаруашылығы саласында қажырлы еңбек еткен азаматтың елді мекеннің екінші тынысын ашуға қарым-қабілетін жұмсайтыны сөзсіз.

Бұған дейін аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал ақтілерін тіркеу бөлімінің басшысы болып Қанат Бөленбаев, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы болып Ғабит Ерболұлы тағайындалған болатын. Әріптестерінің алдағы жұмысына сәттілік тілеген аудан әкімі олардың елдің ертеңіне, талап-тілегіне жұмыс жасайтынына сенім білдірді.

Әдеттегідей мұнан кейін кезек күн тәртібіндегі мәселелерге келді. Алдымен сөз алған Қанат Шамшатұлы өзі басшылық ететін бөлім тарапынан алғашқы тоқсанда атқарылған жұмыстарды кеңінен тарақты.

Баяндамашының сөзіне сүйенсек, 1 тоқсанда 1 545 адам халықты жұмыспен қамту орталығына хабарласқан, оның 69,7 пайызы бағдарламаға қатысушылар құрамына енген.

Жаңа бизнес жобаларды іске асыруға 198 млн 720 мың теңге қаралған. Бөлім басшысы алдағы уақытта тиісті қаражат есебінен 144 адамды қайтарымсыз грантпен қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Наурыз айының ортасында 136 үміткердің құжаты қаралып, 36 адам қайтарымсыз қаржыға ие болған. Кәсіп бастауға талаптанғандарға жалпы құны 49,7 млн теңге үлестірілген.

Қайтарымсыз грантты үлестіру жыл аяғына дейін жалғасады. 1 млн 380 мың теңге — шағын кәсіп бастауға жақсы мүмкіндік. Сондықтан бұл мүмкіндікті құр жібемей жұмыссыз азаматтар өз жобаларын жүзеге асыруға асыққаны дұрыс.

Мемлекеттік қолдау шараларынсыз ауданда 1 тоқсанда 999 адам жұмыспен қамтылу қажет. Алайда меже небары 11,4 пайызға орындалған. Бұған қатысты Асқарбек Есжанов сала басшыларына сыңға алды.

— Мен келгенде айтқамын, тағы да қайталап айтамын, әлеуметтің әлеуетіне бейжай қарауымыз керек. Жұмыссыздық деңгейін төмендетуде кәсіпкерлік саласын дамытудың маңызы жоғары. Өкінішке орай бұл салада да кемшін тұстар көп. Халық арасында кәсіпкерлік саласын дамытуға арналған қандай бағдарламалар бар, оған қол жеткізу үшін қайтпек керек, осы тұста түсіндірме жұмыстарын жүргізу шаралары өте төмен. Кеше барлық ауылды аралап халықтың тыныс-тіршілігімен танысып шықтық. Кәсіп бастауға талпынған азаматтар жетерлік, алайда қолдауға қол жеткізу үшін қайтпек керек, осы жағын толық білмейді. Елді мекендерді аралаңыздар, халықпен кездесіп, осы тұрғыда толыққанды түсіндірме жұмыстарын жүргізіңіздер, сонда ғана біз жұмыстың нәтижесін байқаймыз, — деді Асқарбек Темірбекұлы.

Мәдениет пен Жаңадария ауылдық округтерінде орындалмаған. Осы ретте бөлім басшысы аталған елді мекен әкімдері тоқтап тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің санын азайту арқылы жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік субъектілердің үлесін арттыру қажет деп есептейді.

Кент және ауылдық округтерге халық санына байланысты, жаңадан 530 кәсіпкерлік субъектісінің тіркелуін қамтамасыз ету тапсырылған. Биыл 1 тоқсанда 365 кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, 271 кәсіпкер жұмысын тоқтатқан.

Макроэкономикалық ерсеткіштерге келсек, Жасулан Ерданұлы негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 4 млрд 706 млн теңгеге құрағанын, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда меже 6,2 есеге жоғары орындалғанын айтады. Жыл қорытындысымен жалпы құны 18 млрд 769 млн теңге инвестиция тарту жоспарда бар екен.

Бөлім басшысы ауданның өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелері мен кәсіпорындары және жеке секторлары арқылы 1 тоқсанда 9 млрд 648 млн теңгені құрайтын өнеркәсіп өнімдері өндіріліп, бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8 есеге артқанын айтады. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінің көлемі 3 млрд 287 млн теңгеге жеткен.

Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпті бастау немесе жұмыс істеп тұрған кәсіпін әрі қарай дамыту бағытында 54 жоба 840,4 млн теңгеге қаржыландырылған. Ал мемлекеттік және салалық бағдарламалар аясында жыл басынан бері Аққұр, Аламесек, Еңбек, Жаңадария, Жаңаталап ауылдары бойынша ешқандай жоба қаржыландырылмаған.

Сала басшысы да аудан әкімінің сынынан тыс қалмады. Яғни бұл сала бойынша да халық арасында түсіндірме жұмыстары ұдайы жүргізілуі керек. Асқарбек Темірбекұлы «Ауыл аманаты» жобасы бойынша жұмыс бастаймын деген азаматтарға мейлінше қолдау көрсету қажеттігін қаперге салды.

Аудандық Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Руслан Байғазиев жеке тұлғалардың 2022 жылға көлік құралдарына есептелген салықтарын төлеу мерзімі 1 сәуірге белгіленгенін айтады. Яғни осы жылдың сәуіріне дейін толық төлеуі қажет. Алайда осы салықты жинақтап, бюджетке өндіруге кент және әрбір ауылдық округ бойынша арнаулы салық мамандары бөлінгенімен, өндіру жұмыстары өте төмен.

Басқарма кент және ауылдық округтердегі салықшы мамандар жұмысына талдау жүргізу барысында жеке тұлғалардың көлік салығы бойынша 6 млн 241,7 мың теңге берешек сомасын өндіріп, азайтудың орнына 18 сәуірге бұл берешек 22 млн 726 мың теңгеге өскенін анықтаған. Оның өсуі Жалағаш кенті, Аққұм, Таң, Мәдениет, Есет батыр, Ақсу және Қаракеткен елді мекендерінде байқалады.

Мұнан кейін кезек ауылдық елді мекендерде атқарылған жұмыстарға да келіп жетті. Алдымен Мәдениет ауылдық округі әкімі Адай Мұстафаев елді мекенде атқарылған жұмыстарды саралады. Баяндаманың басым бөлігі көркіту-кеңалдандыру жұмыстарына бағытталған. Мұнан бөлек «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша ауыл орталығына аяқ су жеткізу, Жаңақоныс көшесіне күрделі жөнделу жұмыстарын жүргізу үшін жобасметалық құжаттар әзірлеу, жаяу жүргіншілер жолын жамыту жұмыстары, кәсіпкерлікті дамыту сынды жобалар жоқ емес.

Бытыр ауыл әкімі елді мекен халқымен кездесуде халық 10 мәселе көтерген. Өкінішке орай бүгінде оның тек біреуіне ғана жұмыс жасалған. Аудан басшысы елдің мәселесін ертеңге қалдыруға болмайтынын ескертіп, басқа да мәселелерді назардан тыс қалдырмауды тапсырды.

Еңбек ауылында да дәл осындай жағдай, халықпен кездесуде көтерілген мәселелердің шешіміне жұмыс жасау деңгейі төмен. Сондықтан ауыл әкімі Қайролла Қалданов та өңір басшысының сынынан сытылған жоқ.

Тағы да қайталап айтамын, елдің мәселесін ертеңге қалдырмаңыздар. Мемлекеттік қызмет — бізге осы бағытта жұмыс жасауға берілген мүмкіндік. Әрқайсысымызда осындай түсінік болуы керек. Сонда ғана жасаған жұмысымыздың нәтижесін көреміз. Елді мекендердегі өмірмен жобалардың жемісін халық көруі тиіс. Сондықтан оның сапасы да ұдайы назарда болсын. Халықтың талап-тілегі мен үшін бірінші орында. Еңбектеріңізді де осы бағытта атқарылған жұмыстарыңызға қарап бағалаймын. Жұмыссыздық мәселесін тұсап, елді мекендердің еңсесін тіктеу күн тәртібінен түспейді, осыны ескеріңіздер, — деді аудан әкімі.

Иә, Асқарбек Есжановтың осы мақсатқа жұмыс жасайтынына күмен жоқ. Халықпен кездесулердің бөріне болды, тіпті кейбір елді мекендерде көтерілген мәселелер сол жерде шешімін тауып жатқанына да куә болғанбыз. Бүгінгі әріптестеріне қарата айтылған сын да орынды. Енді одан сабақ алу қажет.

Бүгінгі аппарат мәжілісінде бұған дейін кейбір ауылдарда көтерілген мәселелер қайта көтерілді. Бұл ретте жұмысты ширату керек, Асқарбек Есжанов әрбір тапсырманың орындалуына уақыт берді, алдағы уақытта бұл тапсырмалардың орындалуын редакция ұжымы да саралайтын болады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Сайлау – 2023: Қос ауылда жаңа әкім

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ «ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА АРНАҒАН ЖОЛДАУЫНДА АУЫЛ ӘКІМДЕРІН ТІКЕЛЕЙ САЙЛАУДЫ ЕНГІЗУ ҚАЖЕТТІЛІГІ ЖӨНІНДЕ АЙТЫЛҒАН БОЛАТЫНЫ. БҮГІНДЕ СОЛ БАСТАМАҒА СӘЙКЕС ЕЛІМІЗДЕ АУЫЛ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ НАУҚАНЫ ЖҮРГІЗІЛІП КЕЛДІ. ОСЫ ОРАЙДА ЖЕКСЕНБІ КҮНІ АУДАНҒА ҚАРАСТЫ АҚҚҰМ ЖӘНЕ МЫРЗАБАЙ АХУН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ НАУҚАНЫ ӨТТІ.

Таң аттысымен редакция ұжымы саяси нақанның өту барысын ақпараттандыру мақсатымен Аққұм ауылына атбасын бұрдық. Ауылдық клуб алдында жиналған бір топ ауыл тұрғындары сайлау учаскесінің ашылуын күтіп тұр екен, ауылда маңызды саяси нақанның лебі сезілді. Таңғы сағат 7:00-де №147 сайлау учаскесінде учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің, БАҚ өкілдерінің, байқаушылардың және сенім білдірген адамдардың қатысуымен сайлау туралы заңның талаптарын сай, барлық процедураларды орындай отырып сайлау учаскесі ресми түрде ашылды.

Ерте күн шығысымен өз таңдауымды жасаймын деген сайлаушылардың белсенділігін байқаған біз тұрғындардың ауыл болашағына үлкен жауапкершілікпен қарайтындығына көз жеткіздік. Жалпы, Аққұм ауылдық округі әкімінің сайлауына үш үміткер өз кандидатурасын ұсынған. Олардың өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасымен ауыл тұрғындары бұқаралық ақпарат құралдары мен газет беттері арқылы толықтай танысқан.

Сайлау учаскесі ашыла салысымен қор-жайдағы шаруаларын кейінге ысырып,

саяси нақанға қатысуға алғашқы болып келген ауыл тұрғыны Зулаш Ташаева да өз таңдауын жасады.

– Бүгін ауылымыз үшін саяси маңызды күн десем болады. Ауылымыздың тыныс-тіршілігі шүкір, жақсы, ауыл азаматтарының жасап жатқан шаруаларының жайы көңіл көншітеді. Алдағы уақытта да осы алған бағытымыздан таймай, елді мекеніміз көркейе берсін деп сенемін. Науқан әділ барлық ережелерге сай өтіп жатыр. Халқымызға бірлік, елімізге бейбітшілік тілеймін, – деді алғашқы сайлаушы Зулаш Ташаева.

Сайлау учаскесінің төрағасы Абзал Ибраевтың ұсынған мәліметінше, саяси нақанға қатысушылар саны – 1023. Қуантарлығы, ауыл тұрғындары үшін әрбір азаматтың дауысы маңызды екені және елді мекеннің болашағы ар тұрғындар алаңдата-тыны анық байқалды. Өйткені сағат 9.00-ге дейін 150 азамат дауыс беріп үлгерген.

Осындай белсенді азаматтардың бірі ауыл тұрғыны Көшербек Тоқмырзаев.

– Ауылымыздағы жасалып жатқан әрбір істің берекелі болатынына сенемін. Кандидаттар, олардың сайлауалды бағдарламаларымен ақпараттық құралдар ар-

қылы етене танысып. Үміткерлер сайлауалды бағдарламасына ауылдағы өзекті мәселелерді шешуді арқау еткен екен. Енді соның барлығы алдағы 4 жылда шешімін табуына жұмыс жасаса болғаны. Саяси нақан әділ ешқандай тежеусіз, жақсы көңіл-күйді өтіп жатыр. Науқанды ауыл халқы болып абыроймен өткізуге тілектестің – деп ақниетін білдірді ауыл тұрғыны.

Елді мекенде түске дейін сайлаушылардың легі бәсеңдемеді. Сайлау учаскесінің хатшысы Айдын Сәрсенбаеваның ұсынған мәліметінше, сағат түсі 12.00-ге дейін 500-ден аса сайлаушы келіп, өз таңдауын жасаған.

Жоғарыда айтып өткендей, дәл осындай сайлау Мырзабай ахун ауылдық округінде де өтті. Иә, қатар өткен екі саяси нақанның да мақсаты бір, ол ауыл өкімін сайлау. Әріптесім Ерлан Созақбаев күн шығысымен ахун атындағы ауылға бағыт алды.

Мұнда да ауылдағы №122 орта мектепте орналасқан №146 сайлау учаскесі сағат 7.00-де заңды талаптарға сәйкес ашылды. Жалпы, мырзабайлықтардың

саяси белсенділігі өте жоғары. Иә, мектеп алдына жиналған халықтың басты өңгімесі «Кім көп дауыс жинап, ауыл тізгінін қолға алады?».

Ауыл ақсақалы Кендірбай Адамбаев алғашқылардың бірі болып сайлау учаскесіне келіп, өтіп жатқан саяси нақанға сәттілік тілеп, ақ батасын берді.

– Ауылда маңызды саяси нақан өтіп жатыр. Менде таңғы шөйімді ішіп, дауыс беруге келіп қалдым. Шүкір, ауылымызда біраз шаруалар жүзеге асып жатыр, жастардың еңбек етуге деген құлшынысы да жаман емес. Ең бастысы, ауылдың ауызбіршілігі бекем, сондықтан бірлік болса, тірлік те өнетінін жақсы білеміз. Ауыл болашағын айқындайтын нақанда ауылдастарымыз белсенділік танытуға шақырамын, – дейді ауыл ақсақалы.

Ауыл ақсақалымен қатар Қазына Нұрылдаева есімді ақжаулықты анамыз да өзінің таңдауын жасауға ертелетіп келіпті. Ауыл анасы осында өтетін барлық іс-шараларға қатысып, елді мекен тыныс-тіршілігіне белсене араласуды күп көреді. «Жастарға үлгі, өнеге болу, біздің басты міндетіміз» дейді ақжаулықты ана.

Алғашқы болып келген ауыл тұрғындарына сайлау учаскесінің тарапынан сыйлық беріліп, алғыс көрсетілді.

Сайлау учаскесінің төрайымы Нұраева Гауһардың мәліметінше, жалпы тіркелген сайлаушылардың саны 668 азамат, сағат 9.00-ге дейін 200-ден аса ауыл азаматы дауыс беріп үлгерген. Ауылдағы тұрғындардың бұл саяси нақанның маңыз-

дылығын түсінгендігі соншалық кешке дейін сайлаушылардың басым көпшілігі дауыс берген. Бұл дегеніміз халықтың саяси сауаттылығы жоғары екенін анық байқатады.

Қос ауылдағы сайлаудың қорытындысына тоқталсақ... Аудандық сайлау комиссиясының мәліметінше, Аққұм сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміндегі 1023 адамның 815-і дауыс берген. Ауыл өкіміне үміткер А.Асанбековке 639, Н.Костанбаев 98, С.Шынжыровка 76 сайлаушы өз дауыстарын берді. Дауыс беру нәтижесімен Аққұм ауылдық округінің өкімі болып Алтынбек Асанбеков сайланды.

Ал Мырзабай ахун ауылдық округіне келетін болсақ, елді мекендегі сайлаушылар тізіміндегі 668 адамның 516-і өз таңдауын жасаған. Сайлауға түскен үміткер Ж.Әбсаттароваға 56, Н.Мәлікке 64, Г.Тауыпбаеваға 395 азамат дауыс берді.

Сайлау нәтижесімен Мырзабай ахун ауылдық округінің өкімі болып сол ауылдың тумасы Галым Тауыпбаев сайланды.

Иә, осындай саяси реформалардың нәтижесінде өкімдердің жергілікті басқару өкілеттігі нығая түсті. Сондай-ақ елді мекен тұрғындарының да ауыл өкіміне деген сенімі де артып, ауыл ауызбіршілігі одан да бетер нығая түсті. Әрине бұлай болды да заңдылық. Ертемесі түрлі елдің қамын күйттеген көптің ортақ тілегі бір, ол елді мекеннің одан әрі гүлдене түсуі.

Жандос ЖАЗКЕН

Брифинг



Екпе дерттің алдын алады

НЕ СЕБЕПТІ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРҒА ҚАРСЫ ЕКПЕ ЖАСАТУ КЕРЕК? ҚАЗІР ҚОҒАМДА ДЕРТТІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫНДА ОСЫНДАЙ САУАЛ ТУЫП ЖАТАДЫ. НЕГІЗІНЕН ВАКЦИНАЦИЯЛАУ ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН SAҚTAУҒA, ҰЛТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН. БАЛАЛАР ҮШІН ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРДАН ҚОРҒАНУДЫҢ ЕҢ ТИІМДІ ЖӘНЕ КЕЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ТӘСІЛІ ВАКЦИНАЦИЯ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ОЛ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІМДЕРДІ КӨПТЕГЕН АУРУЛАРДАН, АУЫР АСҚЫНУЛАРДАН ЖӘНЕ ТІПТІ ӨЛІМНЕН ҚҰТҚАРАДЫ. ЖҮЛ САЙЫН ӨЛЕМДЕ 10 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ИММУНДУА ҮШІН 2,5 МЛРД-ДАН АСТАМ ВАКЦИНА ДОЗАСЫ ПАЙДАЛАНЫЛАДЫ. ИММУНДУА БАЛАЛАРДЫ ПОЛИОМИЕЛИТ, ҚЫЗЫЛША, ДИФТЕРИЯ ЖӘНЕ СІРПЕСЕ СІЯҚТЫ КӨПТЕГЕН ҚАУІПТІ АУРУДАН ҚОРҒАУДА МАҢЫЗДЫ. БАҚ ӨКІЛДЕРІМЕН ӨТКЕН БРИФИНГТЕ АУДАНДЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ БАСШЫСЫНЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ ГҮЛЖАЗИРА ЖАЛҒАСОВА ОСЫЛАЙ ДЕДІ.

Спикердің сөзінше, ҚР Ұлттық күнтізбесіне сәйкес, тұрғындарға 20 жұқпалы ауруға қарсы ақсыз, жоспарлы иммундау жүргізіледі. Профилактикалық күнтізбедегі инфекцияға қарсы вакцинация тегін. Себебі әр адам тегін екпе алуға құқылы. Ал егудің көбін нәресте бірінші жылында алады. Бұл баланың шектеулі байланыстан қажетті иммунитеті балабақшаға барған кезде көп көлемді инфекциядан қорғану үшін осы кезде қалыптасады. Себебі ауру балалық шағында ауыр түрде өтеді екен.

– Халықты вакцинациялау аумақтық медициналық ұйымдардың егу пункттерінде жүргізіледі. Арнайы контингентке вакцинация тиісті бөлімнің кезекші пунктінде болады. Кейбір жағдайларда, яғни халық санының аз болуы, стационарлық егу бөлмесінің болмауы, төмен температуралық режимі бар тоңазытқыш жабдық

болмаған жағдайда вакцинация жасау үшін жылжымалы вакцинация пункттері немесе жылжымалы вакцинация бригадасымен ұйымдастырылады. Бұл ретте 1 вакцинация бригадасының құрамына 1 дәрігер, 1 егу медбикесі және қажет болған жағдайда 1 тіркеуші кіреді. Ауылдық жерде құрамында дәрігер болмаған жағдайда 1 фельдшер, 1 егу медбикесі және қажет болған жағдайда 1 тіркеуші бар вакцинация бригадасын құру рұқсат етіледі.

Гүлжазира Саттарқызы «Вакцина қауіпсіз бе?» деген сауалымызды да жауапсыз қалдырмады. Ол Қазақстанда тұрғындарды иммунизациялау үшін ҚР-да мемлекеттік тіркеудің ем шарасынан өткен вакциналар қолданылатынын айтады. Мемлекеттік тіркеу ем шарасы күрделі көп кезеңді үргізу және нағыз замануи жабдықталған. Тіркелетін вакцина үшін

өндіруші елде мемлекеттік тіркеудің болуы, сондай-ақ өндіруші елде, басқа да елдерде клиникалық қолдануы бойынша деректерінің болуы талап етіледі. Ал балаларды екпемен қамтамасыз ету мақсатында вакцинаның өндірілуі ДҰҰ сертификатталған, сапасына келіп берілген вакциналар Қазақстанда сатып алынады.

Бұған дейінгі брифингтердің бірінде сала мамандары жаңа туған сәбегіге де екпе салу жұмыстары жүретінін айтқан. Алайда ол кейбір ата-аналардың қарсылығынан екпе салынбаған сәбилер де болғанын қаперге салған. Осы ретте Г.Жалғасоваға «Сәбидің дүниеге келген алғашқы күнінен бастап екпе салу дұрыс па?» деген сауал қолдағанбыз.

– Сәбидің қанына анасының жүктілігі кезінде құрсағынан антиденелер өнеді. Сондықтан бала туылған сәттен бастап (гепатит В және туберкулез дертінен)

екпе жасатқан жөн, өйткені сәби бұл инфекциялардан мүлде қорғаусыз дүниеге келеді. Басқа жағдайларда, мысалы, 6-12 ай өткеннен кейін қызылша мен қызамық ауруларына антиденелердің концентрациясы азаяды. Сондықтан балаға 12 айдан бастап қызылша мен қызамық ауруларына қарсы екпе егу керек. Вакцинация қаншалықты ерте басталса, соншалықты сәби инфекциялық ауруларға шалдықпай, оның иммунитеті қалыптасады, – дейді ол.

Айта кетейік, аудандық аурухананың перзентхана бөлімшесінде биыл қаңтар-наурыз айларында 119 нәресте дүниеге келген. Оның 117-сіне вирусты «В» гепатитіне, 116-сына туберкулезге қарсы алғашқы екпе салынған. Перзентханада алғашқы екпелерін салмау түрлі себептерге байланысты болады екен. Мәселен, шала туған нәресте салмағы 2 мың

граммнан кем немесе 33 аптадан кем гестациялық жас, туа біткен аурулары бар, құрсақішілік инфекциялармен туылған нәрестелерге алғашқы екпе жасалмайды. Нәрестенің жағдайы жақсарып, дене салмағын қосқаннан кейін емханаларда алғашқы екпелер жүреді. Спикер бүгінде перзентханада жаңа туылған нәрестелерге екпе жасатудан бас тартатын аналар да жие кездесетінін айтады.

– Ауданда ай сайын жұқпалы ауруларға қарсы вакцинациялау жұмыстарының есебі алынып, вакцинациялауға жататын мақсатты топтағы балалардың егу көрсеткішіне талдау жүргізіледі. Себептеріне байланысты уақытша екпелерін алмаған балаларды алдағы айға қайта жоспарлап, егуін алуына бақылау жүргізіледі. Аудандық аурухана вакцина қорымен жеткілікті қамтамасыз ету мақсатында алдын ала жоспар жасап, вакцина дозасын алуға облыстық денсаулық сақтау басқармасына өтінім береді. Бүгінде ауданда полиомиелитке қарсы ауыз арқылы тамызатын вакцина қоры Қызылорда облысында тапшы болуына байланысты вакцинациялау жұмысы оңтайлы деңгейден төмен орындалып отыр. Ал қалған жұқпалы ауруларға қарсы вакцинациялау шаралары толық орындалып, вакцинациялау ай сайынғы оңтайлы деңгейде қалыптасқан, – дейді Г.Жалғасова.

Түрлі ауруларға қарсы екпе алудың маңызы айтпаса да түсінікті. Алайда соңғы жылдары сылтау тауып, екпе салдыруға немқұрайлы қарайтын ата-аналардың саны көбейген. Сала маманы қаншалықты инфекциялар ауыр өтетінін кейбір тұлғалар ұмыта бастағанын айтады.

– «Инфекциялар қайтпасқа жойылды» деген жалған ұғым пайда болды. Сәйкесті иммунизациялау шарасын іске асыру деген қажеттілікте күмен туындады. БАҚ-та және интернетте вакцинациядан кейін шыққан асқынулар жайлы жағымсыз ақпарат көбейіп кетті. Мұндай ақпараттың іс жүзінде ешқандай дәлелі жоқ, – дейді спикер.

Айта кетейік, 2005 жылдан бері Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасымен Еуропа аумағында жыл сайын иммундау апталығы өткізіледі. Биыл 23-29 сәуір аралығында «Еуропалық иммундау» аптасын өткізу жоспарланып отыр.

Алдағы уақытта иммундау апталығында екпесіз қалған басқа мемлекеттерден келген тіркесуіз, тұрақты мекен-жайы жоқ халық топтары дін қауымдарын анықтап есепке алу және жұқпалы ауруларға қарсы жоспарлы иммундау жұмыстары ұйымдастырылады. Иммундау апталығы кезінде тіркелу орнына қарамастан аудан азаматтарының аумақтық емдеу-профилактикалық мекемелеріне барып, Ұлттық күнтізбеге сәйкес екпе алуына мүмкіндігі бар.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

ҚҰЖАТ

БЕКЗАТ БОЛМЫС

Жақсы адамдар туралы жазу, айту оңай. Себебі ол адамды мақтамайсың, өзінің Құдай берген болмысын жазасың, сонда ойдан ой тусып, әңгімеден әңгіме қозғалып, құйыла береді. Сондай жандардың бірі, бірегейі бекзат болмысты ұстазымыз – Байымбетова Олжағұл апамыз. Олжағұл апамыз туралы белгілі қаламгер, журналист-жазушы Тұрсынбай Тәшев былай дейді: «Түмен әулінің әулетіне келін болып түскелі ата Әли мен ана Мамықтың асыл мұратын бойына сіңіре өскен Олжағұл бәйбіше де шаңырақ шаттығын, ағайын сыйласыпты сақтай отырып, өз алдына отау тіккен ұрпақтыңың бірлігіне дөңкер. Талай жыл ұстаздық етіп, өз көсібінен абыроймен зейнет демалысына шыққан ұстаз өмір бойы ұстаз емес пе? Кеше елдің болашағын тәрбиеле, бүгін өз ұрпағына, нәмерелеріне, арау қонған абыройлы отбасының болашағына бағыт-бағдар беруде. Ұлдары «өкеге қарап оқ жонса, қызы мен келіндері өнеге қарап тән пішеуде». Ұрпақ жалғастығы деген осы!»

Тұрсынбай ағайдан асып айту да қиын. Осы бір ауыз сөзімен-ақ Тұрсынбай ағай Олжағұл апамыздың бекзат болмысын айшықтап беріп тұр емес пе!

Иә, Әли әулетіне келін болып түскенде Олжағұл апай оң сегіз жастағы тал шыбықтай бұралған бойжеткен еді. Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың математика факультетінде бірінші құрста оқитын Олжағұл апамыздың Садық ағамызбен тұрмыс құруы да өзінше бір тарих. Сәкен 1961 жылдың сәуір айында Ташкент қаласындағы авиация техникумын бітіріп, дипломын алып, ауылға келді. Бір-екі ай демалыстан кейін жұмыс істеудің қамына кірісті. Алған мамандығы бойынша зауыт-тарда жұмыс істеу керек. Жалағашта ондай зауыттар қайдан болсын, ауылда жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмады. Қайда барса да дипломын көреді де «О, мұндай мамандық жоқ қой бізге» дейді. Амаз жоқ, отбасы болып ақылдасып, Қызылордада жұмыс істеуге екемі мен анасынан рұқсат алды. Бірақ қариялар Сәкенге де шарт қойды: «Шырағым, қаладан жұмыс істеймін десең істе, бірақ бізге бір шүйкебасты түсіріп бер, сосын бара бер» деді. «Жарайды» деді Сәкен.

Сөйтіп өмірлік жары болған балаларының анасы, от басының ұйтықсы Олжағұл апамызбен үйленуге келісіп, өз байласты. Олжағұл апаймен бір мектепте оқыған, оның үстіне Жалағашта бір қораның ішінде көрші тұрды. Балалық шақтан бір-бірін жақсы біледі. Алай Сәкеннен үш сынып төмен оқып еді. 1960 жылы орта мектепті бітіріп, Қызылорда педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түскен. Бір-біріне өмірлік жар болмады деп сез байластып жүре бастағандарына да екі жылдан асқан Сәкен оқуда жүргенде Ташкентке де барған достарымен танысқан. Бір-екі ай жұмыс істегеннен кейін тамыз айында үйленетін болды. Институтын бітіргенше Қызылордада тұрып, зауытта жұмыс істеуге қариялар да келісті.

1961 жылдың тамыз айының 4 күні үйленді. Ауылда той жасап, кешке шаруашылықтың басшысы Мерағи өкіміз бастаған ағалары үйге келіп, екі жастың отау құрғанына ақ тілегін айтты. Сонда ағалары батарға қауыммен сөйлейтін «Родина» радиоқабылдағышын сыйға тартты еді. Сәкен мен Олжағұл апамыздың жеке үй болғандығы дүниелерінің басы осы радиоқабылдағыш болды.

Үйленгеннен кейін Сәкен Қызылордада жұмысын жалғастырды. Олжағұл апамыз қариялардың қолында болып, бірінші қыркүйектен оқуын жалғастыруға қалаға келді. Алғашқы кезде Аманбай ағаларының үйінде тұрды, кейін Фурманов түйегінде пәтер жалдап тұрды.

Осылай қаладағы өмір басталып, зауытқа үйрене бастағанда 1962 жылдың күзінде аяқ астынан Сәкенді әскер қатарына шақырды. Қалалық әскери комиссариаттың комиссиясынан өтіп, қараша айының 10 күні әскери борышын өтеуге аттанатын болды. «Қарт ата-анам бар, отбасылымыз» дегенге қарамады. Олжағұл апай институттың 3 курсын сыртта оқуға ауысты, Сәкен жұмыстан босап, әскерге аттануға дайындалды. Шағын үй мүлкітерін ауылға апарып тастады. Әскерге кетер алдында достарымен қыдырысқа шықты. Жастық дәур, реті келсе достар бір-бірінің үйіне кезек-кезек жиналып, көңілді көштер өткізу үшін бас қосады.

Жұбайлық өмір енді басталған. Сәкеннің әскерге кеткенін Олжағұл апамыз да күл көрмейді, ыңғайы келсе әскерден қалуын қалайды. Бір күні достарымен бас қосудан қайтып келе жатқанда Олжағұл апамыз, «Жаңа отырыста бір қыз, менің таныстарым бар, Садықты әскерге жібермей алып қалуға болады деп отыр, сонымен сөйлессейші» демесі бар ма. Сәкен бұған соңшалықты мән бере қоймады. Қалада бірнеше күн қыдырғаннан кейін ауылға келді. Қариялар Сәкеннің әскерге кететінін уайымдаса да, екінің жағынан келіндерінің қолдарына келетініне қуанып жатыр. Олжағұл апай ауылдағы орта мектепке мұғалім болып орналасатын болды.

Бірақ жеме-жемге көлгенде түрлі ойлар көлуді екен. Сәкен ойланды, «Осы әскерге баруым қалай болар екен өзі, жасы болса 23-те, өзінен 4-5 жас кіші балалармен кетпекші, оның үстіне үйленген отбасы бар, үш жыл уақыт босқа кетейін деп тұр». Осындай ойдың үстінде жүргенде Олжағұл апайдың айтқан қызы ойына келді де, Ідан деген досы өткен күн қызды тауып алды. Сурастыра келе ол қыз Жамбыл деген жолдас жігітнің жүретін қызы болып шықты, есімі – Айсулу. Олжағұл апай оқитын педагогикалық институтқа оқиды, орталық нәтижесінде байланысы болып жұмыс істейді. Жұмыс орынына келді, амаздық-саулықтан кейін шаруашылық айтты. Айтуынша Айсулудың туған ағасы өлкенің әскери комиссар болып Шымкент қаласында қызмет істейді. Ағасы арқылы облыстық әскери комиссарды таныды. Ол Сәкенді тәнертен сағат 8-де облыстық әскери комиссариат бастығының үйіне ертіп апарып, сөйлесіпті болды.

Бәрі де сол Айсулу айтқандай болды, ол әскери комиссарды жақсы танытып болып шықты, өтініштерін айттып, отбасылы, қарт ата-анасының болуына байланысты әскерден қалдырылды. Осылайша Сәкеннің әскерден қалуына да Олжағұл апамыз себеп болып еді.

Одан бері де қаншама күн өтті, керуенге айналып қаншама жыл кешті. Алғашқы еңбек жолын 1963 жылы Коммунизм совхозында, қазіргі М.Шоменов ауылындағы №34 орта мектепте математика пәнінің мұғалімі болып бастады. 1964-1973 жылдары Жалағаш кентіндегі №123 орта мектепте жұмыс істеді. Бұл кезде Сәкеннің аудандағы жұмыс орны да сатылап өсіп, аудан аумағында басшылық қызметтер атқара бастады. 1973-1974 жылдары қазіргі Аққыр ауылы, сол кездегі ел маршаруашылығы Аққыр совхозына бастауыш партия комитетінің хатшысы болып барды. Олжағұл апай ауылдағы №188 орта мектепте математика пәнінің мұғалімі болды, бізге сабақ берді. Апаймен біздің таныстырымыз осы кезде басталып еді. Ол кісінің сабағы сондай жаңға жайлы өтетін. Математика қиын пән болғандықтан түсініп оқысаң қызық еді. Түрлі есептерді, төңдеулерді шеше алмай қиналып отыратын кездеріміз болатын. Ондай сәттерде апай оқушылармен емен-жарқын сөйлесіп, әңгімелесіп, сабақты

күнделікті тұрмыстағы оқиғалармен, түрлі мысалдармен түсіндіргенде тіпті ең нашар оқыдағы деген балалардың өзі сабақты меңгеріп шығатын.

Кейін Садық ағамыз қызмет бабымен аудан орталығына ауысты. Алай осындағы №123 орта мектепте жұмыс істеп, зейнет демалысына шықты. Біз де азамат болып, қызметке араластық, Олжағұл апай бұл кезде зейнетте нәмерелерін тәрбиелеп жатты. Түрлі жиындарда, бас қосуларда апайды кездестірсек көзімізге оттай басылады. Алай өте жақсы үлкенді, жаратылысынан сабырлы, салиқалы, сырбаз мінезді апай сол мінезінен еш өзгерген жоқ. Басқосуларда, жиындарда, түрлі шараларда нәти айел затты болса да әлдекіміздер секілді ауыл үйдің, отбасы ошаққасының жеңіл-желпі әңгімелерін айтып отырғанын көрмеймін.

Біз сияқты шәкірттерін көргенде, үлкендік жолмен ізетпен, «Ой, айналайын, амансың-дар ма, бөлелерің өсіп жатыр ма, өздерің жақсысыңдар ма?» – деп сондай бір жылы, аналық қамқорлықпен жағдайымызды, амандығымызды сұрап тұратын.

Олжағұл апаймен ұзақ жыл бірге қызмет істеген әріптесі әрі көршісі білім беру саласының үздік қызметкері Тұңғышмуратовта Мейрамқұл апай Олжағұл апайды былайша еске алады. «Мен білетін Олжағұл апай өте жоғары мәдениетті, білімді, сабырлы кісі еді. Олжағұл апаймен біз біраз жыл көрші болдық. Апайдың үйінде өнеісі Мамық әжеміз болды. Әжеміз өте ақ көкірек кісі еді, бірақ тіл мінезді, өтір болатын, ретсіз, жөнісі істерді көрсете бетін бар, жүзін бар демей айтып салатын. Мен ол кезде жаңа түскен жас келіншекпін, ауыл үйдің көрші келіншектері Мамық әжемізден қорқатынбыз. «Сойлырмай, Олжағұл Мамық әжемізбен қалай сөйлесіңдер екен, бабын қалай табады екен?!» – деп тәңқалатынбыз. Олжағұл апай Мамық әжемізге бір ауыз қарсы әңгіме айтпайтын. Кейбір келіншектердің басы қосылған жерде әйел болғанын түрлі әңгімелер айтылады, өнеілерін айтады, күйеуін айтып жатады. Ал Олжағұл апай өнеісі, өзінің азаматты, отағасы жағында да лем-мим деп ештеңе айтпайтын. Тек әдемі жымыл, жаңындағы әйелдердің әңгімелерін тыңдап отырушы еді.

Ол кісінің өнемен қарым-қатынасы, азаматын күтуге ерекше болатын. Енесінің барлық жағдайын жасайтын. «Қазір ағаң келіп қалады ғой» – деп Садық ағаның алдынан бәрін дайындап отыратын.

Мен келін болып түскенде менің қолтыңымды сүйеген осы Олжағұл апай еді. Енем Орынқұл, «Текті әулеттің келіні, тәрбиелі, менің келінім де осы Олжағұлдың болысы, осы келінің жолын берсің, келінімің қолтығын Олжағұл сүйесің» – депті. Кейін біліп жүрміным, оның да қызығы бар. Ол кезде Олжағұл апай №123 мектепте математика пәнінен сабақ береді. Мектеп директоры Табынбаев Болтай ағай, Олжағұл апай сұранайын десе Болтай ағайға кіре алмайды. Директордың кабинетіне үш рет келіп, кіруге бата алмай қайтып кетеді. «Көршімізде келін түсетін еді, соның қолтығын сүйейтін едім» – деп қалай айтамын, ұят емес пе деп ойлайды. Бірақ уақыт өтіп барады, келінің бетін ашатын уақыт болып қалды, бару керек. Төртінші рет барып, директордың кабинетінің алдында жүрсе, директордың орынбасары Жаңақбаев Серуар ағай келіп, «Олжағұл апай, манадан бері осы жерде жүрсің, неғыл жүрсің?» – деп сұрайды. Серуар ағай да апайдың директордың кабинетіне бірнеше мәрте келіп жүргенін байқаған болса керек. «Ағай, осындай болып тұр» – деп жағдайын айтады апай. «Директорға кірмей-ақ қой, бара бер, мен сабағыңды реттеймін» – деп Серуар ағай босатады. Сөйтіп, апай менің қолтығымнан сүйеген. Кейін өзі айтады, «Ертеңіне Болтай ағайды көрсем, андайдан бұрылып кетіп жүрдім, «Ай, Олжағұл кеше сабағыңды тастап қайда кеттің?» деп сұрап қалап дер ұялып жүрдім» – дейді.

Олжағұл апайдың осындай биік адамгершілік болмысы әлі көз алдыма. Осы кезде ойлаймын, сол кездегі адамдар қандай арғы, ұяты, жауапкершілікті сезінуі, түсінуі қандай! Олжағұл апайдан мен көп тәрбие алдым, мүмкіндігінше ол кісіге ұқсауға тырысатынымын. Керемет сабырлы кісі еді ғой, жарықтық. Алай өте инабатты еді. Ол кісі сабақта да балаға дауыс көтермейтін, бірі-біріміздің сабақтарымызға кіреміз. Сонда апай сабақты биязы мінезімен жай-мән ғана түсіндіретін. Негіз мұғалім мен оқушының арасындағы қатынас та мұғалімнің болмысына байланысты болады-ау деймін. Оқушылар да апайдың сабағында сөзсіз шұламай, тып-тыныш отыратын, сабақ соңында өтілген материалды кәдімгідей түсінген байқайтынбыз.

Осы кешде дауыс көтеріп, түрдік, апайдың біреуге дауыс көтеріп, сөзге келіп жатқанын да көрмеймін. Тіпті өзінің балаларын да айғайлап шақырайтын. Мысалы ата-аналар көшеде ойнал жүрген балаларын, «Әй, қайтыңдар, болды енді, кіріңдер үйге!» – деп айғайлап шақырып жатады ғой. Ал Олжағұл апай көшеде ойнал жүрген балаларының қасына барып, жаймен ғана, «Сәрік, Қанат, біраз ойыңдарың ғой, жүріңдер, тамақтарыңды ішіндер» – деп қолдарынан ұстап алып кететін.

Апайдың тағы бір ерекше қасиеті – келіндері қызындай көретін, өз баласындай қамқорлық жасайтын. Бірде Олжағұл апаймен бір үйде болдық. Бұл қайтыс боларынан шамасы төрт-бес ай бұрын, екі жудеу, апайдың науқастанып жүрген кезі еді. Соңғы уақытта мазасы болыпқырамай жүретінін еститініміз. Бірақ дастарқан басында өзінің жағдайы туралы бір ауыз айтпады. Бәріне апай сабырсыздау кісі болса алдымен өзінің ауырып жүргенін, науқасын, қандай ем алып жатқанын айтып, шағымдандар еді. Ал апайда ондай өдет жоқ, тіпті ештеңе болмағанды, бәрімізбен өмен-жарқын әңгімелесіп отырды. Үлкен асқа қарамай, рұқсат сұрады. «Апай, отырып тамақ ішіп кетсеңізші, анда-санда бір кездесеміз, әңгіме айтайық» – деп жатырмыз. «Мейрамқұл-ау, үйде балалар бар, қазір келін де жұмыстан келеді, шай-суын дайындап қояйың, уақытылы, дұрыстап тамағың ішіп кетейсің» – деді. Апайдың келіндерімен қарым-қатынасы қызы мен анасындай болатын. Апайдың осы көңіліне, пейіліне келіндері де жақсы, адал болып келді. Енесін өз аналарындай көрді, құрметтеді.

Міне, апайдың осындай мінез болмысы бізге үлгі болды, апайдан көп нәрсені үйрендік»

Олжағұл апай Садық ағамыздың қызмет бабымен ауысуына байланысты 1974-1976 жылдары Жалағаш кентіндегі №123 орта мектепте, 1976-1985 жылдары Таң ауылындағы №118 орта мектепте, 1985-1993 жылдары аудан орталығындағы №123 орта мектепте мамандығы бойынша жемісті еңбек етті. Ұлағатты ұстаздан тәлім алған шәкірттері де өмірден өз орнын тауып, ел қажетіне жарап, түрлі жауапты қызметтер атқарды. Сондай шәкірттерінің бірі ұзақ жыл ауыл өкімі, Жалағаш кентінің өкімі, аудан өкімі аппаратының басшысы тағы басқа басшылық қызметтер атқарған Қоқантай Қожақұлы өзінің ұстазы жөнінде былайша толғанады.

«Ой, жарықтық, Олжағұл апай деген Құдай берген керемет кісі еді ғой. Алай бізге 5 кластан 9 класқа дейін төрт жылдай класс жетекшісі болды. Физика, математика пәнінен сабақ берді. Класта 33 бала болдық, 10 ер бала, 23 қыз бала оқыдық, біздің класс үздік кластардың қатарында болды. Бұл 1970 жылдар, сол кезде апаймыз 25-26-лардағы жас келіншек, өзі сұңғақ бойлы келген, әдемі, көркем кісі болатын. Апайдың ерекше бір қасиеті – сабырлы, салмақты, байсалды еді. Сабағы да мазмұнды өтетін, балаларға дауыс көтеріп, айғайлап ұрысу деген ол кісіге жат еді. Биязы мінезімен-ақ балаларды баурап алатын.

Сол кезде мектепте оқушыларды туған жердің табиғатымен таныстыру мақсатында саяхатқа шығу деген жақсы үрдіс болатын. Әлі есімде бесінші класта оқу жылының соңында сондай бір саяхатқа шықтық. Үш кластың балалары, апайларымыз бар, біздің класс жетекшісі Олжағұл апай. Түсікі асымызды сөмкемізге салып алдық, бір шөлмеке айран ортасына сары май салған таба нан, әке-шешесі ауқаттылау тұратын балалар қолбаса, бұқтырылған сиыр еті тағы басқа біз күнделікті жер бермейтін дүкеннің тағамдарын алып шықтық. Саяхатымыз дариының жағасынан басталды. Қазіргі Әйтеке қаналының тұсы, ол кезде бесінші кластың баласына ол жер сондай алыс бір қыыр. Оның үстіне дариының суы да мол жағасы қалың жер мен қамыс, ну орман, жер жемайса шалғын. Жалпы табиғат керемет болатын. Дария бойы біраз шұлап, саяхатымызды түске тауы сабырсыздық, түсікі асқа отырдық.

Төрт-бес бала белсебетпен келген олардың белсебеті анандай жерде бірі-біріне ойтырыл түр. Түсікі асымызды ішіп, демалып тұрмыз, бір кезде апайларымыз балалардан әлгі белсебеттерді сұрап алды да, мініп алып, көк шалғынды алаңда ой бір зырпылдасын. Апайлардың белсебет төпкенін бірінің рет көруіміз. Біздің класс жетекшісі Олжағұл апай да бір белсебетті мініп алып, сәлден кейін қалысып, балаша ойнал жүр. Біздің ұғымсызда ол кезде белсебетті мұғалім апайлар тұрмақ, қыздар да теппейді. Алғашында аузымыз ашылып қалыпты, сөзден кейін апайларымызға қарап, тыр-қылдап күлейік. Олар біздің күлкімізге қарайтын емес, белсебетпен көк шалғынды алаңды біраз айналып, бірі-бірімен жарысып, сөзден кейін біздің қасымызға келді. Кейін ойлаймын сол кезде бізге тым үлкен кісі болып көрінетін апайларымыз нөбары 23-25 жастағы қыздар екен ғой, сондықтан өрине, олар да балаша ойнағысы келетіні белгілі.

9 класта апай Садық ағайдың қызметі ауысуына байланысты Аққыр ауылына кетті, біз 8 кластан кейін 4-5 бала кесіптік-техникалық училищеге кеттік. Сөйтіп, біз де ержеттік, азамат болдық, оқу бітіріп, қызметке араластық. Осы кезде мен Олжағұл апайыммен тағы кездестім. Кездескенде Абай көшесінде Садық ағайлармен 5 жылдай көрші тұрдық, аға-іні болып араластық. Түрлі шараларда, тойда бірге болып жүрдік. Осындай шақтарда да апай үлкендігін істеп, өзінен кейінгілерге жөн көрсетіп отыратын.

2014 жылы 1974 жылғы түлкелердің 40 жылдық кездесуі болды. Бәріміз осы Жалағашта бас қосып, ұстаздарымызды шақырып, құрмет көрсеттік. Ол кезде бізге сабақ берген ұстаздарымыздың бірқатары о дүниелік болған еді. Кешке бір тойханада дастарқан жайып, ұстаздарымызды құттықта. Тойханадағы шара мазмұнды өтті, сол жолы Олжағұл апай да көңілденіп, шәкірттерімен мөре-сөре болып, бірге білеп, ең салып, бір күн тәнертеннен кешке дейін бізбен бірге жүріп еді.

Біздің кластағы 33 балаңыз басым көшіліп, жиырмадан аса бала жоғары, орта арнаулы оқу орындарын бітірді. Олардың ішінде түрлі мамандықтың иегерлері, ғылым кандидаттары бар. Барлығы да еліміздің түпкі-түпкілеріне жоғары қызметтер істеп, алды зейнетке де шыққан болу керек. Біз қандай биіктерге жетсек те ұстаздарымыздың қолда, класс жетекшісі Олжағұл апайдың еңбегі деп есептейміз. Себебі ұстаз ұлық туғанда, ата-анамыздан кейінгі қамқоршылар да, тілешшіміз де ұстаздарымыз болды, сол ұстаздардың қатарында Олжағұл пайдың әрдайым шоқтығы биік»

Садық ағамыз бен Олжағұл апайдың үлкен шаңырақтағы ең кіші келіні Гүлбағар Олжағұл апайды жан толқытар төбелерінен былайша толғана еске алады. «Мен бұл әулетке 2000 жылы қазан айында келін болып түстім. Бұл кісі негізі менің ұстазым еді, бесінші сыныпта маған сынып жетекшісі болды. Кейін дем-түз айдап әулетке келін болдым, өнем менің анамдай болды, қамқорым еді, мені келін емес, туған қызындай көрді. Басқа келіндері апа деп атаған еді, оларға мама деп айтуға рұқсат бермейтін. Мен мама деп атадым, себебі өзі солай атағанымды қалады, рұқсат етті. Мен анамдай болған өнемнен көп нәрсе үйрендім. Маманың ең басты қасиеті – барынша қарапайым, кішіпейіл еді. Бірақ қаншалықты қарапайым болған сайын менің көз алдыма соншалықты зорайып тұрғалана беретін. Кісінің көңіліне тиетін артық әңгіме айтпайтын, ешкімді ренжітпейтін. Әйел заты болып, жеңіл мәңсіз әңгіме, өсек-аяң айтқанын да көрмеймін. Ондай әңгімелерге мүлде араласпайтын, тек бір жымып қойып, тыңдап отыратын.

Мен 22 жыл маманмен бір отбасында тұрғанда маманың өзім құрметтейтін осы



бір қасиеттерін бойыма сіңірдім ғой деймін. Оны өзім де аңғарамын, мен де түрлі басқосуларда мамам секілді жеңіл-желпі әңгімелерге араласпай, тек жымып күліп, тыңдап отырады екенмін. Мамама күліп жатты жүргенде ұнататын. Мамама ең қатты ұнайтыны – балалардың қуанғаны еді, «Қуанса балалар қуансын» – деп балаларға түрлі заттар, тәттілер алып келетін. Балалардың қуанғанын көріп, өзі де мез болушы еді.

Уақыт өте келе мамам менің сырласыма айналады. Өзімнің анама айтпаған әңгімелерімді, сырларымды осы мамама айтатынын Жалпы мамам екеуміз табиғатымыз ұқсас, тіпті ішік жан дүниеміз де сөйкес келетін. Келін болып түскенде абысындарымыз, «Сойлырмай, келіннің Олжағұл апамнан айнымай қалғанын-ай!» – деп отыратын. Маманың сабырлығына тәнті болармын. Сыртта болып жатқан түрлі жағдайларды ішіне сыйғыза алған адам ішкі жан дүниесі өте көп, бай адам ғой деп ойлаймын. Мен құрметтейтін ерекше қасиеттерінің бірі қандай қиын жағдай болса да сыр білдірмейтін. Ешкімге ештеңе айтпайтын, ішінде сақтайтын.

Мен маманнан сабырлы болуды үйрендім, әсіресе соңғы жылдары ішкі ой түйсігімнен ойланып, қандай жағдайға болса да сабырмен қарауды әдетке айналдырыпты. Мамам көз-кеңген жақсы істерге қуанатын. Балалардың мектептегі кішкентай жетістіктеріне, менің жұмыстағы табыстарыма да шын көңілден қуанушы еді. Мен байқауларға бара жатқан ескіткі алдында батасын беріп, шығарып салатын. Байқаудан келгенде бетімнен сүйіп, қарсы алатын. Қанша көңіл-күйі бірқалыпты болғанымен, соңғы кездері маманың науқастанып жүргенін байқайтынмын. Бірақ өзі, «Мен мазама жоқ, мына жүрегім ауыр жұр» деп ештеңе айтпайтын, сыр білдірмейтін. «Мама, балаға қараймын деп шаршадыңыз ғой, аурухана жатып, ем алып алсаңызшы» – десек, «Қой, ауруханасын өсі, менің еш жерім ауырмайды, денсаулығым шүкір жақсы» – дейтін. Үлкен кісілерді баратын жері көп болады, құдажолы, тойлар, өз қатарларының шақырыспалары дегендей. Кейде папам демалып жатқанда өзі осындай жерлерге бару керек болады. Сондайда, «Гүля, мен мынадай жерге кетіп барамын» – деп маған айтып отыратын. «Мама, менен рұқсат сұрамай-ақ бара берсеңізші» – деймін мен күліп. «Жоқ сен білуің керек, папаңа айтарсың» – дейтін. «Ой, мама, отағасыңызға өзіңіз айттып кетіңіз, айтпесе қағар мен мама кетіп бара жатыр деп айтатын» – деймін әзілдеп. «Өйбұй, қой айта, тура тұр, мен кеткесін айт» – деп тез-тез басып үйден шығып кететін. Жалпы үйден әскертусіз кетуді ұнатпайтын. Біз де маманың тәрбиесіне үйренгенбіз, қайда барсақ та ескерткі, папам мен маманың рұқсатын алып кетуді дағдыға айналдырдық.

Ешуақытта менің жұмыстан келгенімді күтіп отырмайтын. Өзі ұстаз болғанын мұғалімнің жұмысын түсінетін. «Қол-аяғым сау, не бітірменн үйде отырмын ғой» – деп езі дастарқан жасап, ас дайындап беретін. Папама уақытылы тамағын беріп, мен күтіп отыратын. Папамның жағдайын көк ойлайтын. «Папаң тыныш болса, біз тыныш» – деп кейде әзілдеп те қоятын. Папама өзінің айтпайтын кейбір шаруалары маған айта қылатын. «Гүля, бар папаңа айт, түсіндір, сен айтсаң келесі, рұқсат береді» – деп күлетін. Дүкенге барып киім алғанда мені ертіп алады, «Мама қандай көйлек алдымыз?» – деп сұраймын. «Гүля, сенің талғамың күшті, сен таңдашы, сенің алғаның бәріне ұнайды» – дейді. Үйге келгенің алған киімдерін киіп, папама көрсетіп, «Гүляма алып берді, Гүля таңдады» – дейтін.

Осы кезде ойлап отырсам бәрі сағыныш, маманың бір өзі бір мектеп екен. Мен осындай мектептен өткеніме қуанамын. Менің өзін сағынып жүргенімді сөзге ме, кейде мамам түсіме кіреді. Жайдары жымыған жүзі көмескілеу, үстінде өзім таңдап алып берген қауап көйлек, аққудай қалықтап, ақша бұлттардың үстінде кетер бала жатады. Менің мамама деген сағынышым мәңгілік болар бәлкім. Жайың жаннаттан болсын, ақ мама!»

Олжағұл апай 1993 жылы еңбек демалысына шықты. Апайдың ұзақ жылғы білім беру саласындағы еңбегі лайықты бағаланды. Оқушыларға саналы тәрбие, сапалы білім беру жолындағы қақырлы еңбегі бірнеше мәрте жоғары орындардың Құрмет грамоталарымен, Ағылс хаттарымен аталып өтті. 1986 жылы «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» мәртебелі атағы берілді. Оның алдынан қияға қанат қаққан шәкірттері жүздеп саналады және бұл күнде еліміздің әр қирында, ер салада еңбек етуде. Үлкенге де, кішіге де сыйлы, абыройлы, өзінің туған жерінде әрдайым шоқтығы биік әйел-ана ретінде ұрпағына, кейінгі жастарға үлгі-өнеге болды. Садық ағамызбен екеуі о баланы дүниеге келтірген батыр да, бақытты ана.

Олжағұл апай Садық ағамызбен алыс жалдан аса бақытты ғұмыр кешітті. Ағамыздың өмірдегі шын мәніндегі тірегі, сүйеніші, ақылшысы бола білді. Өмірі сыйласумен, түсінумен өткен екен. Нағыз қазақ әйеліне тән үлкен жүректен бар бақытты да, байлығын да – отбасын, азаматын, балаларын деп білді. Уақыт өтіп, заман қалай өзгерсе де, сол бір байсалды, сабырлы қалпынан айнымады. Ұлағатты ұстаздың ұрпақтарына, шәкірттеріне жасаған жақсылығы ұшан теңіз. Келбетінен мейірім нұры төгілген, жүрегіне імен ұла

АҚҚҰМДАҒЫ АЛТЫН ҰЯ

Ауданда соңғы жылдары тың серпінмен ілгерілеген бірден-бір сала болса, ол – білім. ҰБТ көрсеткіші бойынша Жалағаш жақсы нәтижеге қол жеткізіп жүр. Бұл тұста ұлағатты ұстаздардың еңбегі ерөн. Олар шәкірт тәрбиелеуде ауқымды іс тындырды. Өйткені бүгінгі жас ұрпақ білімді болса, елдің келешегі кемел болары ақиқат. Жастардың білімді болуы жаһандық дәуірде бәсекеге қабілетті мемлекеттің негізін қалауына жол ашады. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар – алға басуға жол ашатын заманауи талаптар. Мұндағы негізгі ой – білім бәйгесінде биіктен көрінетін білікті маман, уақыт талабына сай, кез келген кезеңде бәсекеге дайын тұлға қалыптастыру.



Жаһандану заманында білеу емес, біліммен ғана мыңды жыға аласың. Білімнің дамуы – адамзат өркениетінің өлшемі. Сондықтан бұл сала үнемі жетіліп, жаңарып отыруды талап етеді. Жаңа көзқарасты, жаңашылдықты қажет ететін кезеңде жас ұрпақты бәсекеге қабілетті етіп қалыптастыруда негізгі сын да, салмақ та ұстаздар қауымына түсетіні анық. Ал осындай білікті де білімді ұстаздар жұмыс істейтін білім ошағының қашанда мерейі үстем. Гүлзира Құлмаханова басқаратын Аққұм ауылындағы №38 орта мектепте қолға алынған жобалар көп-ақ.

Жалпы, 1929 жылы негізі қаланған №38 орта мектеп 1973 жылы жаңа ғимаратқа көшіріліп, кейін оған Еңбек Ері Алдаберген Бисеновтың есімі беріледі. Еңбек Ерінің есімі берілген



тұста ұрпақты ауылдағы мектептен А.Бисенов атындағы мұражай ашып, онда осы кісінің көзі тірісінде тұтыған заттарын, шапанын және портфельін де қойылған. Біз мектепке енгеннен ондағы тыныс-тіршілікті көріп, балаларға барлық жағдайдың жасалғанын түсіндік. Білім ошағындағы дәстүрлі түрде өткізілетін және үнемі оқушылармен бірге өтетін жобалардың барлығы жастардың тұлғалық дамуына септігін тигізеді. Мәселен, «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында пікір-сайыс алаңдары мен «Дебат» турнирлері өткізіліп, оқушылар аудандық, облыстық сайыстарда жүлделі орындардан көрініп жүр екен. Сонымен бірге «Құқықтық мәдениет» жобасы бойынша АПБ қызметкерлерімен кездесулер, «Мен салауатты өмір салтын қолдаймын» жобасы бойынша бірнеше спорттық сайыс, «Өнерлі өрен»

жобасы бойынша «Мектеп театры» үйірмесі, «ЕКО START» жобасы бойынша ұстаздар мектепте «Жасыл бұрыш», «Жақсылық жарысы» жобасы бойынша мектеп ардагерлерімен әр мерекке кездесулер мен «Сыр сұхбат», «Аялы алақан» жобасы бойынша ауылдың қарт және жалғызбасты аналарына көмек көрсетілсе, «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында қазақы бұрыш, домбыра сыныбы ашылып, қазақтың ұлттық ойыны тоғызқұмалақ үйірмесі және домбыра үйірмесі жұмыс жасауда. Сондай-ақ мектепте жаңа модификациялы кабинетпен химия, биология кабинеттері жабдықталған.

Қазіргі таңда мектепте 20 оқу кабинеті, оның ішінде мультимедиялық кабинет, компьютерлік сынып, шеберхана, мұражай, кітапхана, спорт зал, медициналық кабинет пен акт залы



да бар. Осы тұста тағы бір көпке үлгі боларлықтай дүниені айтқымыз келеді. А.Бисенов атындағы №38 орта мектептің түлегі, ақын, «Шабыт» шығармашылық жастар фестивалінің лауреаты, халықаралық «Алтын асық» сыйлығының, Президент стипендиясының иегері Асылзат Арыстанбек те өзі түлеп ұшқан алтын ұясына келіп, ұстаздарына деген ерекше алғысын білдіріп, өзінің артынан ерген інісіңдеріне арнап домбыра сыныбын ашыпты. Бұл сыныпта мектептегі бірнеше бала домбыра тартуды, күй ойнауды үйренеді. Тіпті Асылзат мектеп ұжымына өз қолынан шыққан түрлі қазақы нақыштағы костюмдерді, кәйпектерді сыйға тартыпты.

– Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі ұрпақтарды ұстаз тәр-

биелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбеккер етіңіңін де, көңісің де ұстаз өсіреді» дегеніндей, ертеңгі ел тұтқасы болатын жас буынды тәрбиелеу міндеті бүгінгі ұстаздар қауымының мойнында. Мектептің басты тұлғасы, жүрегі – мұғалім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Қиын да маңызды міндеттерді жүзеге асыра алатын тек ұлағатты ұстаз. Осындай ауыр жүкті арқалап жүріп, барша адамзатты терең біліммен қаруландырып, үлкен өмірге дайындау тек білікті ұстаздардың қолынан келмек, – дейді мектеп директоры Гүлзира Мұханбетқұлқызы.

Мектеп ұжымының жетістігінде әр ұстаздың еңбегі мен оқушылардың қарым-қабілеті жатқанын білеміз. Аққұмдағы алтын ұяның тыныс-тіршілігімен таныса отырып, жетістіктер легін айтпай кетуге болмас. Тіпті аталған мектепте дарынымен дараланған, таланты мен табандылығын ұштастыра білетін шәкірттер көп. Олардың әрбірі білім

оқулары» байқауының «Сахналық қойылым» бағыты бойынша облыстық кезеңде ІІІ орынмен, 10 сынып оқушысы Абдраман Мұхаммед 8-11 сынып оқушылары арасында өткен «Әбіш оқулары» байқауының облыстық кезеңінде ІІ орынмен, «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының аудандық кезеңінде «Болашақтың мамандығы» номинациясы бойынша ІІ орынмен, 8 сынып оқушысы Абдраман Дарын «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының аудандық кезеңінде «Менің кәсібім – менің бизнесім» номинациясы бойынша ІІ орынмен марапатталған. Бұдан бөлек Мектепалды даярлық сынып оқушысы Қуантай Каусар «Мен зерттеушімін» тақырыбындағы аудандық байқауда ІІ орынды, «Жарқын болашақ» олимпиадасында 10 сынып оқушысы Сұлтанбек Айдана, 9 сынып оқушысы Шәкір Гүлзира ІІ орынды, 10 сынып оқушысы Сабыр Гүлсая ІІІ орынды, 7 сынып оқушысы Серік Дидар 7-8 сынып оқушылары арасында өткен республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде Химия пәні бойынша І орынды алса, 5-8 сынып оқушыларына арналған «Про-



бәйгелерінде топ жарып, өзі білім алатын алтын ұясының абыройын асырып, мерейін өсіріп те жүр. Мұны мектеп ұжымы да, педагогтар қауымы да зор мақтанышпен айта алады. Мәселен, аудандағы Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің үздік түлегі, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Халықаралық педагогикалық білім беру ғылымдарының корреспондент мүшесі, "Ы.Алтынсарин" атындағы төсбелгі иегері Рабига Игенбаева атындағы ұлттық тәрбие оқу-әдістемелік кабинетінің ашылуына орай өткен «Туған жердің тұғырлы тұлғалары» атты оқушылар ғылыми жоба байқауында 1 сынып оқушысы Бисен Нұрсұлтан І орын, 10 сынып оқушысы Жолдасбай Қымбат «Ізденімпаз оқушы» номинациясымен, 8 сынып оқушысы Омарбекова Назым нәтижелі зерттеу жұмысын көрсеткені үшін алғыс хатпен марапатталған.

«Жеңісті жақындатқан жауынгер-ұстаз» тақырыбындағы ғылыми жоба байқауында Болатбекқызы Гүлбақыт ІІ орын иеленсе, «Ауған соғысы суреті көзімен» тақырыбында өткен байқауда 7 сынып оқушысы Бекқожа Каусар ІІІ орынмен, 10 сынып оқушысы Сабыр Гүлсая Ұлттық пікірсайыс турнирінің облыстық кезеңінде «Ең сенімді ойыншы» номинациясымен, «Арғымақ» тобы «Темірбек Жүргенов – тарихи тұлға, ұлт жанашыры» мектеп театрларының аудандық кезеңінде ІІ орынмен, «Әбіш

Есо» экологиялық жобалар конкурсының облыстық кезеңіне қатысып, белсенділік танытқаны үшін 8 сынып оқушысы Алмат Жансұлу алғыс хатпен марапатталған. Спорттық шараларда да мектеп оқушылары аудандық, облыстық, республикалық деңгейде топ жарып, абырой биігін көрініп келеді.

Айта кету керек, «Алтын белгі» мен «Үздік аттестат» иегерлері де жоқ емес. 2020-2021 оқу жылында мемлекеттік емтихан және ҰБТ қорытындысы бойынша Ақжан Төлөгел, Жасулан Алдияр «Алтын белгі», 2021-2022 оқу жылында Ақбота Әбілқасым «Үздік аттестат» иегері атанған. Осы жылы 30 оқушының 20-сы жоғары оқу орындарының грантын жеңіп алып, 10 оқушы арнаулы оқу орындарына грант арқылы оқуға түскен.

Бұл жетістіктердің барлығы мектеп ұжымы үшін зор мақтаныш, ұстаздардың тынымсыз еңбегінің, оқушылар қабілетінің жемісі деуге болады. Мектеп мұғалімдері бала бойына білім дарытуда, заманның өзгерісіне бейімделе алатын бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруда бар білім-біліктерін аяған емес. Ұстаздық жолдың жауапты әрі қиын екенін жете түсінген мектеп ұжымы қай істе болсын ауызбіршілікпен жұмыс жасайды. Талай таланттық талабын шындаған білім ордасының алар асуы, шығар биігі, бағындырар белесі әлі алда деп ойлаймыз.

Нұржамил АЛМАСҚЫЗЫ

Маман мерейі



Білім бәйгесінде бәсі биік

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп оқу-білімге үйрететін орта болса, оның жүрегі – мұғалім. Білікті, білімді, ұлағатты ұстаз атану, осы қасиетті ұғымды қастерлеп, қадір тұту, арындай таза ұстау әр мұғалімнің борышы деп білеміз. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуінде. Білім берудегі педагогикалық ұстанымның негізгі мәні – оқушылардың ой-өрісін жан-жақты дамыту, оларға қазіргі заман талабына сай білім беру және тәрбиелеу. Оқушыны жан-жақты дамыту баланың жан дүниесін, рухани өсуін, қабілеті мен дарынының өрістеуі, парасатты ой мен адамгершілік көзқарасының қалыптасуы деген сөз.

Жанар Шілдебаева – Аққұм ауылындағы А.Бисенов атындағы №38 орта мектептегі үздік педагогтардың бірі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші. Өз мамандығын сүйетін, әр оқушының болашағына үлкен жауапкершіліктен қарайтын, өзі де үнемі ізденіс, даму үстінде жүретін жанның басты мақсаты – білімді ұрпақ қалыптастыру. Кейіпкерімізбен тілдескенде өзі айтқандай мамандығына деген ерекше шықпасын, сүйіспеншілігін байқадық. Ол жаңашыл ұстаз ретінде заман ағымына сай шәкірттерін жан-жақты дамыған, өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, терең біліммен қаруланған тұлға ретінде қалыптастыруды көздейді. Ұстаздың саладағы жетістіктері де аз емес. Еңбек жолында «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері атанған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет» грамотасымен, «Жылдың үздік мұғалімі» төсбелгісімен марапатталған. Сондай-ақ «Мәртебелі ұстаз – ел мерейінде» облыс өкімінің 833 400 теңге көлемінде қаржылды сыйақысын жеңіп алған. Облыстық «Үздік қысқа мерзімді жоспар – 2023» байқауында жүлделі 1 орынды, «Үздік қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы пәндердің бірлестік жетекшісі – 2022» облыстық байқауының аудандық кезеңінде 2 орынды, «Үздік авторлық бағдарлама – 2023» байқауында 2 орынды, «Білім» педагогикалық шығармашылық орталығы және «Ustudy» аймақтық тәстілеу орталығы ұйымдастырған «Шығармашыл педагог – 2022» ІІ республикалық олимпиадаға қатысып, І дәрежелі дипломы иеленген.

Мұнан бөлек жалпы білім беретін мектептердің 8-11 сынып оқушылары арасында өткен облыстық «А.Байтұрсынов оқулары» байқауында 9 сынып оқушысы Гүлзира Шәкір 1 орын, облыстық байқауда алғыс хатпен марапатталса, жалпы білім беретін мектептердің 5-6 сынып оқушылары арасында өткен пәндік олимпиадада қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 6 сынып оқушысы Инабат Абайқызы 2 орынды, жалпы білім беретін мектептердің 7-11 сынып оқушылары арасында өткен республикалық «Жарқын болашақ» олимпиадасының аудандық кезеңінде «Білгірлер бәйгесі» бөлімі бойынша оқушысы Гүлзира Шәкір ІІ орынды, жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында қазақ тілі пәні бойынша өткен республикалық «Болашақ» зияткерлік байқауында 9 сынып оқушылары Думан Жандосұлы, Жамин Ерженова, Динара Дастан, 6 сынып оқушылары Абайқызы Инабат, Ібанқызы Жамин І орынмен марапатталды.

– Мен бүгінгі таңда білім беру саласында 28 жылдай еңбек етіп келемін. Күн сайын алдымда отырған шәкірттеріме зер сала қараймын. Алға үмітпен талпынған олардың алдында менің де ұстаз ретінде үлкен жауапкершілігім бар екенін сезінемін. Сондықтан менің өзіме қояр талабым, алдыма қойған мақсатым жоғары болуы тиіс, өйткені сол жарқыраған шамшырақты дер кезінде байқап жаға білу – менің ұстаздық парызым. Сыныптағы балалардың бірі зерек те алғыр, бірі өнжар, бірі баяу, бірі тым пысық. Ал менің бәріне беретін білімімнің мазмұны мен қоятын талабым бірдей де, олардың мұны қабылдауы түрліше, – деген Жанар Төлешбайқызы осы салаға келгеніне еш өкінбейтінін, керісінше еліміздің көпшілік азаматтарын тәрбиелеу зор мақтаныш екенін айтады.

Расымен қазақ тілі мен әдебиеті – баланың жүрегіне бойлай өніп, оның рухани өрісін болжай алатын пән. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы мақсат – бала қиялын қияға өрлетер ғажайып өртелер, шыныл да сыншыл аңыз-өңгімелер, ерлікті дәріптеген батырлар жыры, шынайы махаббатты мұрат еткен әсерлі ғашықтық жырлар, өткір де өміршең шешендік сөздер арқылы халқымыздың рухани құндылықтарын бойына сіңірген, ертеңгі еліміздің тізгінін ұстайтын жас жеткіншекті тәрбиелеу.

Әрине жастар әдеби шығармаларды оқу арқылы халқының арманы мен қиялын өткені мен бүгінгі өмірін таниды. Сүйікті кейіпкерлер арасындағы достық пен сүйіспеншіліктен, патриоттығы мен еңбекқорлығынан, адалдығы мен адамгершілік қасиеттерінен үлгі алып, жақсысына жаны сүйсініп, жаманынан жіреніп, өзінше ой түйіп, жан-жақты ізденеді. Ал біз әңгімемізге арқау еткен үздік мұғалімнің шынайы жүрегінен шыққан тәлімді сөздері мен жауапкершілік жүгінің ауыр екенін сезінген ұстаздық болмысына қайран қалып, еріксіз бас ідік.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҒАРБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат министрлігіне 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 653